

социалистік реализмнен бас тарттық.

Кейінгі ширек ғасыр ішінде сан-алуан қоғамдық сілкіністерді, түбегейлі өзгерістерді басынан кешірген қазақ қоғамының әлеуметтік рухани өмірі жаңа белеске аяқ басты. Кеңес заманындағы саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан, отаршылдық торынан дауысы тұншыға шыққан қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі күні көкжиегі кеңііп, жаңа серпінмен алға басуда.

«Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз» - деп академик Серік Қирабаев айтқандай, жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді.

Электронды ақпарат ағымы тасқындаған жаңа, үшінші мыңжылдықта таным дағдарыстары да белең алды. Ғасырлар тоғысында мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас, тың талғам қалыптасуы уақыт заңдылығы. Дегенмен заманалардың орын алмастырған бейуақ мезгілінде, жылымық сәтінде қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген жаңсақ пікірлер туғаны да рас. Бұл дауыл алдындағы тыныштықта айтылған сөз деп білемін. Ғасыр табалдырығын аттаған кезеңде қандай бағытқа, қай ағымға барамын деп абдыраған көркемөнер тез күш жинап, ес жиып, жемісті ізденістерге білегін сыбанып, батыл кіріскенін бүгінгі әдебиет көрсетіп отыр. Ұшқыр, әрі сезімтал жанр, көркемсөз өнерінің еркесі – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы күрделі — проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заманның биік шыңынан қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар ерекше тақырып, тың сюжеттерді дүниеге алып келді. Бұлардың барлығы қазіргі қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттерді алып келді.

Қазіргі кезең – әлемдік интеграцияның аса күшейген, жаһандану құбылысының шапшаңдықпен артуы байқалып отырған шақ. Бұл үдерістердің экономикаға игі ықпалдары болғанымен, ұлттық құндылықтар турасында бірнеше мәселелерді де алға тартып отырғаны шындық. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудың ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік бағдарын түбегейлі, жаңаша қарастыру ісі қолға алынды. Алда өз шешімін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Солардың бірі – қазіргі қазақ әдебиетін жаңаша көзқараспен ғылыми тұрғыдан салмақтау және ұлттық әдебиеттің қазіргі кезеңіндегі идеялық-философиялық концепциялары турасында тың тұжырымдар ұсыну.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ жазушыларының шығармашылық ізденістерін саралау мақсатындағы бұл конференция жұмысы арқылы жоғарыда аталған мәселелерді зерттеп, зерделемекке талпынамыз. Рас, талдауға нысана болатын көркем шығармаларды жанрлық жағынан жан-жақты қамтып, олардың әрқайсысын сандық және сапалық тұрғыдан тұтас қамту мүмкін емес. Бұл талапқа осы бағыттағы жекелеген зертеушілердің талдаулары көмек беруге тиіс, сонда біз сөз етіп отырған тақырыптың қаншалықты дәрежеде көркемдік-тарихи жағынан игерілгені де байқалмақ.

Тәуелсіздігіміздің мерейлі мерекесімен бірге Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына да 50 жыл толып отыр. Өзінің қалыптасу кезеңінен бастап кафедра ұжымы ұлттық әдебиетіміздің күрделі мәселелерін зерттеумен қатар, оны оқытуда іргелі табыстарға қол жеткізе алды. Кафедраның биік интеллектуалдық өресінде тәрбиелеген шәкірттеріңіз еліміздің әр қиырында еңбек етуде. Келешекте кафедра ұжымының ғылыми-шығармашылық, оқу-әдістемелік ізденістеріне толайым табыстар тілеймін!

Бүгінгі өтікізіліп отырған ғылыми-практикалық конференция Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына қосылған өзіндік үлес болады деп сенемін!

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университетінің
ректоры, профессор
Е.Қ.Көбеев**

Жарылғапов Ж.Ж.,
ф.ғ.д., профессор
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

«Елу жылда – ел жаңа». Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасы биыл жарты ғасырлық белеске шығып отыр. Кафедра 1966 жылы Қарағанды мұғалімдер институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп аталған ортақ кафедрадан бөлініп, өз алдына жеке шаңырақ көтерді. Жаңа ұжымды сол шақтағы филология ғылымдарының кандидаты, доцент З.Т.Жұмағалиев басқарды. Кафедраның алғашқы құрамында филология ғылымдарының кандидаты, доценттер А.Н.Нәрешов, Ә.Әзеиевтер, аға оқытушылар Қ.К.Лекеров, М.К.Смағұлов секілді білікті мамандар еңбек етті. 2004 жылы кафедра «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» және «Әдебиет және теория» кафедралары болып дербес жұмыс жасады да, 2007 жылы «Қазақ әдебиеті» атауымен қайта біріктірілді.

Бүгінде тек Орталық Қазақстан аймағында ғана емес, еліміздегі білім мен ғылымның орталығына айналып отырған қазақ әдебиеті кафедрасы елу жыл тарихында орта және арнаулы орта мектептерді білімді де сауатты мамандармен қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңірді. Мындаған шәкірт білім-ғылым нәрімен сусындап, мұғалім, тәлімгер-ұстаз аталатын қасиетті мамандықтың иесіне айналды. Оның бәрі де бүгінде еңбек ардагері атанып отырған ғалым-әдебиетші ағаларымыз бен апайларымыздың арқасы десек, артық айтқандық емес.

Жаңадан ашылған кафедраның ірге тасының берік нығайуына еңбек сіңірген ардақ тұтар тұлғалардың бірі - филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айтбай Нәрешұлы Нәрешов болатын. Сталиндік «халық жауларын әшкерелеу» науқанының салдарынан біраз жылдар бойы тағдыр талқысын көрген ағамыз халық ауыз әдебиеті мен қазір хандық дәуір әдебиеті аталып жүрген қазақ әдебиеті тарихынан өте білгір маман, ғалым-әдебиетші еді. Дәріс жүргізудегі педогогикалық шеберлігі өте жоғарылығы сондай, дәріс оқу барысында ала келген дәріс мәтініне бірде бір қарап жатпайтын. Қарағанды мұғалімдік институтының қабырғасына елуінші жылдардың аяқ шенінде келген А.Н.Нәрешов оқу орны университет дәрежесіне ие болғаннан 1980 жылы қайтыс болғанға дейін жан аямай қызмет жасады. Сол кезеңде алдын көріп дәріс тыңдау құрметіне ие болған шәкірттері ардагер ағаны үнемі қимастықпен еске алады.

Білікті маман дайындауда мұғалімдік шеберлікті шыңдауды басты мақсат етіп алға қойған кафедра ашылған кезден-ақ тәжірибелі де ізденімпаз ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері Қаби Кәкенұлы Лекеров жұмысқа шақырылды. Ұстаздық қызметпен қоса ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылдандуды биік мақсат тұтқан ағаның ғылыми шығармашылығындағы жүзден астам сын-зерттеу және публицистикалық мақалалары мен «Қазақ балладалары» (1997) атты еңбегі ұлттық әдеби сын мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлес болып қосылды. Жасы ұлғайған шағына қарамастан ардагер ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент К.К. Лекеров биылға дейін кафедра ұжымымен тығыз қарым-қатынастағы байланыста болып, тоқсаннан асып барып дүние салды.

КазПИ-ді бітіріп, арнайы жолдамамен кафедраға жас маман ретінде келіп жұмысқа орналасқан Мұрат Кәрменұлы Смағұлов ұжымда ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Қызығы мен қиындығы мол ұстаздық міндетімен қоса әуеліде пединституттың комсомол ұйымының хатшысы, университет атағына ие болғанда кәсіподақ ұйымының басшысы, партия ұйымының хатшысы және факультет деканы қызметтерін атқарды. Қоғамдық қызметтерде жүруіне байланысты ғылыми атақ алуға мүмкіндігі бола қоймаса да ұлттық әдеби сын мен әдебиетану ғылымындағы жүзге тарта мақалалары мен оқу-әдістемелік құралдары жас мамандар дайындау жолындағы игілікті істерде өз міндетін молынан атқарғаны анық. Білімді де білікті ұстаз ретінде факультет ұжымы мен студенттер алдында үлкен беделге ие бола алған ардегер ұстаз әріптестері мен шәкірттерінің мәңгілік жадында жүретіні айнымас ақиқат.

Қазақ әдебиеті кафедрасын 1986-1991 жылдары филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кұлмағанбет Лекерұлы Есбаев басқарды. Заманының заңғар жазушысы атанған классик жазушы М.Әуезовтің шәкірті, ұлы тұлғаның ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған ғалымның ғылыми зерттеу нысаны Ұлы Абайдың сыншылдық-эстетикалық көзқарасы еді. Осы тың да өзекті тақырып турасында жүзге тарта ғылыми мақалалар мен бірнеше оқу-әдістемелік

құралдары жарыққа шықты. Өкініштісі ұлттық эстетиканың тарихы туралы дайын тұрған докторлық диссертациясын қорғауға үлгермей кетті. К.Л.Есбаев кафедра меңгерушісі ретінде ұжымның ғылыми әлеуетін арттыру жолында ерекше еңбек сіңірді. Осы жылдары кафедра ұжымы А.Ақашев, Т.О.Есенбеков, Б.Мамыраев секілді жас ғылым кандидаттарымен толықты. Олар бүгінде басқа оқу орындарына ауысып кетсе де ғалым атануларына қазақ әдебиеті кафедрасы жол ашқаны анық. Білімді ұстаз, білікті басшы ретіндегі еңбегін әріптестері мен студенттер қауымы қадір тұтқан К.Л.Есбаевтың кафедра тарихындағы тұлғасы құрметпен аталары анық.

Аға буынының әрқайсы бір-бір мектеп еді. Ақтық демінің соңына дейін өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінің жуан ортасында жүріп, даланың дархандығы мен қазақтың кемеңгерлігін арқалаған ұлағат иелеріне деген құрмет жылдар жылжыған сайын үдей түскені сезіледі.

Кафедра ұжымында 1974-1996 жылдар аралығында бүгінде филология ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Кәрібайқызы Кәрібаева жұмыс жасады. 1995-96 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Алаш жұртына танымал әдебиет сыншысы, ғалым-әдебиетші қазақ лирикасының көркемдік ізденістері туралы мақалалары мен іргелі зерттеулерін жарыққа шығарды. Ғалымның «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы», «Қара өлең мен лирика», «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» еңбектері ұлттық әдебиеттанудың жаңа концепциясын негіздеудеуге мұрындық болғаны сөзсіз. Ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориясын ұзақ жылдар індете зерттеп, оның практикалық қажеттіліктерін де назардан қақас қалдырмай келе жатқан ұстаз-ғалымның жаңа көзқарасқа негізделген еңбектері аз емес.

Қазіргі таңдағы белді әдебиеттанушыларымыздың бірі профессор Темірғали Есембековтің де ғылым мен білім беру жолындағы бір белесі біздің кафедрамызбен байланысты. Ғалым өмірінің Қарағанды кезеңі ұлттық әдебиеттану ғылымына қомақты үлес болып қосылған құнды еңбектерімен есте қалды.

Кафедра тарихында құрметпен аталатын ардагер ұстаздардың бірі – аға оқытушы Сара Мұқышқызы Жұмабекова. КСРО халықтары әдебиеті тарихынан дәріс жүргізген білгір маман кішіпейіл мінезімен, адамгершілік болмысымен қадір-қасиетке ие бола білді. Парасат-пайымын тек қана жас ұрпақтың салауатты да сауатты маман болып шығуына арнаған ардагер ұстаздың кафедраның абырой-беделінің арта түсуіне сіңірген еңбегі орасан зор. Әділ де турашыл қасиетке негізделген көзқарасымен шәкірттерін орасан мол білім нәрімен сусындата білді. «Туысқан халықтар әдебиеттерінің әдеби байланысы» тақырыбын ғылыми зерделеу бағытында елуге тарта ғылыми мақалалар мен бірнеше оқу-әдістемелік құралдарын жарыққа шығарды. Қазір демалыстағы ардагер ұзақ жылдар бойғы еңбегінің зейнетін көруде.

Ұзақ жылдар бойы кафедраның іс-қағаздары мен құжаттарына үлкен жауапкерлікпен қарап, адал еңбегі арқасында сый-құрметке ие болған еңбек ардагерлерінің бірі, аға лобарант қызметін атқарған Бишөкен Көрпебаева еді. Профессор Ж.Смағұлов апамыздың есімін аса бір жылылықпен еске ала отырып, «Күніне төрт-бес пара дәріс оқып, аудиториядан қажып шыққан оқытушыны өзінің жайдары жарқын мінезімен, үлкенге қарындас, кішіге апа бола алған мейірім шапағатымен жадырататын. Түрлі тексерістер мен комиссияларда кафедра құжаттарының сақадай-сай дұрыс та түгел дайын тұратыны - осы апайдың қажымай атқара білген көзге көріне бермейтін, кезінде бағалана да қоймайтын еңбегінің арқасы. Қазір зейнеткерліктегі апайымыздың дәрістер арасындағы үзілісте алдымызға бір шыны қара шайын ала жүгіруінің өзі-ақ бір ғанибет болатын» дегені талай жайтты аңғартқандай.

Қазақ әдебиеті кафедрасының іргетасын қалап, оны 20 жыл бойы басқарған, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағалиев университет қабырғасында бертінгі жылдарға дейін еңбек жасады. Республикаға танымал әдебиетші ғалымның «Өршіл гуманизм өнегесі», «Дауылды жылдар шежіресі», «Уақыт және әдебиет», «Замана сазы», «Жылдар, ойлар», «Бел-белесте» атты монографиялары мен «Шындық және көркем әдебиет», «Кезең және әдебиет» оқулықтары секілді жарық көрген еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіне қомақты үлес болып қосылған еңбектер қатарында саналады. Екі жүзге тарта ғылыми зерттеу бағытындағы және сыни мақалалары – ардагер ұстаздың ұзақ жылдар бойғы тынымсыз ізденісінің жемісі. Студенттерге қатал талап қоя білетін талғамымен сапалы да білімді мамандар әзірлеу жолындағы ерекше еңбегі атап айтуға тұрарлықтай. Задан Тасқалиұлы біздер үшін «қатал» мұғалім көрінетін. Кейін ойланып қарасам, сол қаталдықтың астарында үлкен жүректен ғана

шығатын мейірім жатады екен-ау. Зәкен ұстазымыздың бойындағы ең асыл қасиет – әділдік болатын. Оның турашылдығы арқылы берілген тәрбие кейін бізге өмірдің қиыр-шиырынан өз жолымызды тауып кетуге септігін тигізді.

Қазіргі таңда оқу үдерісінің қайнаған ортасында жүрген профессорлар Ж.Смағұлов, Б.Рахимовтар кафедра басшылығында болған 1990 жылдары қыруар жұмыстар атқарылды. Бұл кезең - тоталитарлық жүйенің бағы тайып, санадағы қозғалыс пен рухани сілкінудің кезеңі болды да ендігі уақытта тоталитарлық жүйе эстетикасының теориялық негіздері турасында нақты тұжырымдар қажет еді. Дәл осы шақта кафедра С.Жұмағұлов, А.Әлтай, А.Бабашов, С.Такиров, Ж.Рүстемова, М.Жетпісбаева, Ж.Жарылғапов, Ж.Шекенұлы, Қ.Сейтжанов, К.Төлеубаева, А.Жұмағұлов, Ж.Жұмагелдин т.б. жас мамандармен толықты. Олар қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудың ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік бағдарын түбегейлі, жаңаша қарастыру ісін батыл қолға алды.

1998 жылдары кафедра меңгерушілігін атқарған профессор Мәуен Хамзаұлы Хамзиннің есімі жаңашыл ізденістер мен кадрлық әлеуеттің күрт артуымен тығыз байланысты. «60–80-жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы» зерттеуі қазақ романының жанрлық жүйесін, поэтикасын таудағы маңызды белес. Избасар шәкірт дайындауда тәлімгерлік ақыл-кеңесін аямаған ғалымның жетекшілігімен кафедра мүшелері Ж.Жарылғапов, К.Төлеубаева, А.Жүсіповалар филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Осы аталған ардагер тұлғалардың, өнегелі тәлімгерлердің, ұлағатты ұстаздардың ерен еңбегінің арқасында қазақ әдебиеті кафедрасы республикадағы қазақ әдебиеттану ғылымында орны бар ғылыми орталық дәрежесіне көтеріле алды. Кафедра ұжымында қазірде жұмыс жасайтын еліміздегі ғылыми ортаға есімдері танымал Ж.Қ.Смағұлов, М.І.Әбдуов, Б.С.Рахимов, Ж.Ж.Жарылғаповтай 4 ғылым докторы, профессорлар, С.У.Такиров, К.Жекеева, Ж.А.Рүстемова, К.Төлеубаева, А.Б.Жұмағұлов сияқты 4 ғылым кандидаты мен Ж.Жұмагелдин, А.Бейсентай, А.Мырзахметов, Б.Сыздықова, А.Ж.Әбдіқадырова секілді ғылым магистрлері тек өз кафедрамыздың түлектері болуы тәлімгер аға-апаларымыздың біліктілігінің биік көрсеткіші. Ал кафедра тарапынан ғылымға жолдама алған басқа ЖОО-дағы әдебиетші ғалымдарды атасақ, тізімнің ұзара түсері анық.

Тәуелсіздік жылдарының өзінде қазақ әдебиеті кафедрасының ғылыми өнімі ретінде ұсынылған ондаған монография жарыққа шықты. Атап айтқанда, профессор З.Т.Жұмағалидің «Жылдар, ойлар...», «Бел-белесте», М.Әбдуовтың «Қазақтың діни эпосы», «Халық ақындары және фольклор», Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Бата сөздердің тағылымдық табиғаты», «Әдебиеттану әлемі», «Әдебиеттану әдіснамасы», Б.Рахимовтың «Тарихи жырлар тағылымы», «Тарихи эпос табиғаты», «Қазақ тарихи жырларының поэтикасы», «Түркі халықтарының фольклоры», Н.Жұмаділованың «1960-90 жылдардағы қазақ әдебиетінің даму тенденциялары», С.Жұмағұловтың «Сын сардары», «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991жж)», Ж.Жарылғаповтың «XX ғасыр соңындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері», «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер», «Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы», С.Такировтың «Әдеби сын белестері», «Көркемдік көкжиегі», Ж.Рүстемованың «Қазіргі балалар ертегі-әңгімесі: жанры және поэтикасы», А.Жұмағұловтың «Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы» т.б. Сонымен қатар, «Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм», «Қазақ әдебиеттануы: кеше және бүгін», «Даналық дидары» сынды ұжымдық монографиялар мен ғылыми жинақтар ұлттық әдебиеттанудың ең ділгір мәселелеріне арналды. Сонымен қатар кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының оқу үдерісін жетілдіру мен қазақ әдебиетін тереңдете оқытуға арналған «Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын оқыту мәселелері», «Әдебиетші әлемі», XX ғасыр соңындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері», «Ғұмар Қараш шығармашылығы», «А.Байтұрсынұлы - аудармашы», «Кезең және әдебиет», «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері», «Қазақ романындағы кейіпкердің рухани әлемі (XX ғасырдың 70 - 90 жылдары)», «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Қазақ балалар әдебиеті», «Жанр және көркемдік әдіс», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы», «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау», «XX ғасырдың қырқыншы-алпысыншы жылдарындағы сын және әдебиеттану», «Қазақ әдебиеті тарихының зерттелуі (1968-1984 жылдардағы еңбектер негізінде)» т.б. оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жазылды.

Кафедрада ұлттық әдебиеттанудағы бірнеше мектептердің қанат жайғанын көреміз. Соның

бірі - әдебиеттану ғылымының, оның сын тармағының қалыптасуын ыждаһатты тұрғыда зерттеп келген Т.Кәкішевтің ғылыми мектебі Қарағанды ғалымдарымен де өрістеп келе жатыр. Неге десек, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихи негіздері мен қалыптасып-дамуын жан-жақты қарастырған Ж.Смағұлов та, С.Жұмағұлов та Тұрсекең тәлімінде тәрбиеленді. Демек, әдебиеттану деп аталатын ғылым саласының күрделі жолын Қарағанды университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы қарастырып шықты деп ауыз толтыра айтуға болады. Ал академик Рымғали Нұрғалидің ғылыми мектебінен қанаттанған буын әдебиет теориясының қордаланып қалған мәселелерін қолға алып, көркемдік әдіс, әдеби ағым мен бағыт, мазмұн мен пішін, образ бен характер, тақырып пен идея, жанр мен түр т.б. теориялық категорияларды ұлттық әдебиет мысалында қарастыруға ден қойды.

Бүгінгі таңда ҚарМУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы мынадай ғылыми бағыттар бойынша жұмыстар атқаруда:

1. Қазіргі қазақ әдебиеті: жанр және стиль мәселелері. Мұнда қазіргі қазақ әдебиетінің жанр жүйесі мен стиль мәселелері кешенді зерттеу міндеттері қойылып отыр. Негізгі мақсат - қазіргі қазақ әдебиетінің даму жолындағы, идеялық-эстетикалық жаңа биікке шығу бағдарындағы жанр табиғаты мен стильдік ізденістерді кешенді зерттеу.

2. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы. Бұл бағыттың негізгі нысаны - ұлттық әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу және даму жолдарының тарихын қарастыру. Әдебиеттің ғылыми тарихын жасау бағытында қол жеткізген табыстары мен олқылықтарын сараптап, дәуірлеудегі жаңа концепция негізінде қазақ әдебиеті қалыптасу кезеңдерін айқындау және ертедегі әдебиет нұсқаларын ғылыми айылымға түсірудегі қадамдардың әдеби-тарихи маңызын ашып көрсету. Әдеби сын табиғатын саралап, қазақ сөз өнері теориялық тарихының даму өрісін жанр жүйесінің зерттелуі тұрғысынан анықтау. Аталмыш бағыт бойынша жазылып жатқан ғылыми еңбектерде ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы жүйелі зерттелуде. Әдеби сын эстетикасы айқындалып, әдеби сынның шеберлік қыры мен көркемдік даму мәселелерін полемикалық, проблемалық аспектіде зерделенуі талданады.

3. Көркем шығарма мәтіні және филологиялық талдау. Яғни көркем шығарма мәтін және мәтінтану мәселелерін қарастыру, әдеби туындыны филологиялық талдаудың ғылыми-әдіснамалық сипатын саралау. Көркем шығарма мәтін және мәтінтану мәселелері зерттеліп, әдеби туындыны филологиялық талдаудың ғылыми-әдіснамалық тұрғылары сараланады.

Бүгінде Қарағанды мемлекеттік академик Е.А.Бөкетов атындағы университеті республикадағы белді де беделді оқу орындарының бірі дәрежесінде танылуында кафедрада жұмыс жасаған алдыңғы буынның және заманауи білім берудің қайнаған ортасында жүрген қазіргі толқынның да қажыр мен қайратқа толы қолтаңбасы бар.

I. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ